

3

Донор болу –
игі іс



ФОТО: ШАХАД ЖУСӨЛДІ

4

«Шолпанның күнәсі» –
адами сезімнің
арпалысы



Әрқайсымыздың
дауысымыз маңызды!

15

НАУРЫЗ
МАРТА

РЕФЕРЕНДУМ



Сыр бойы

Важен голос
каждого из нас!

www.election.gov.kz

/// ПРЕЗИДЕНТ

ҚАЙСАР РУХ, ШЫНАЙЫ ШЕБЕРЛІК

Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ақордада UAE SWAT Challenge-2026 халықаралық жарысының жеңімпаздарын марапаттады.

Салтанатты рәсімде Президент жеңімпаздарды шын жүректен құттықтап, олар нағыз қазақ жауынгері рухының қандай болатынын әлем жұртшылығына паш еткенін, Қазақстанның беделін биікке көтергенін атап өтті.

– Намысты қолдан бермей, байрақты бәсекеде топ жардыңыздар! Соның арқасында көк Туымыз желбіреді. Еліміздің мерейі үстем болды. Халқымыз сіздерді мақтан тұтады. Әлемнің 48 елінен 100-ден астам команда жиналған Дубайдағы дүбірлі дода – халықаралық манызы бар оқиға. Бұл аса тартысты жарыс деп айтсақ, қате болмайды. Себебі барлық командалар бес күн бойы өте күрделі мақсаттарға қолжеткізу үшін көптеген тосқауылдарды еңсеруі қажет болды. Бірақ біздің жауынгерлер барын салды, әскери міндеттерді мінсіз орындап, ақыры ең жоғары деңгейдегі шеберліктерін көрсетті. Мұндай жарысқа әр мемлекет өзінің ең мықты сарбаздарын жібереді. Соған қарамастан ел үмітін ақтап, үздіктердің үздігі атану оңай емес екені анық. Бұл кездейсоқ жетістік емес. Әр жетістік – зор ерік-жігер мен қажырлы еңбектің жемісі. Әр жеңіс – мықты кәсіби дайындық пен асқан шеберліктің айқын көрінісі. Өздеріңіз білесіздер, быттыр осы



беделді жарыста Қазақстан құрамасы екі күміс жүлдені еншіледі. Быыл да сол жеңіс жолын жалғастырып, зор сенім артқан ұлттық командамыз абыроймен оралды. «Қазақстан С» командасы теңдесі жоқ, яғни абсолютті чемпион атанды. Бұл –

тамаша жетістік, бұл жеңіс осы турнирдің тарихында қалады. Жылдар зымырап өтеді, бірақ сіздердің балаларыңыз, осы қуанышты күндердің куәсі болған, сіздерді қолдаған, сіздерді мақтан тұтқан барлық адамдар бұл жеңісті әрдайым ерекше сезіммен еске

алып, айтып отырады. Ал «Қазақстан А» командасы екінші орынға ие болды. Бұл да – өте жақсы, бәрімізді қуантқан керемет нәтиже, – делі Қасым-Жомарт Тоқаев.

2-бет

/// АКТИВ

НАУРЫЗБАЙ БАЙҚАДАМОВ – УНИВЕРСИТЕТТІҢ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ-РЕКТОРЫ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен актив отырысы өтті. Оған Парламент Мәжілісінің депутаты Мұрат Ерғешбаев, Ғылым және жоғары білім вице-министрі Гүлзат Көбенова, зиялы қауым өкілдері, құқық қорғау органдарының бірінші басшылары, басқармалар мен аумақтық департамент басшылары, онлайн байланыс арқылы Қызылорда қаласы мен барлық ауданның активтері, Қорқыт ата университетінің ғылыми кеңес мүшелері мен профессор-оқытушылары қатысты.



2-бет

/// ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫНЫҢ ПӘРМЕНИ

ҮЛКЕН ЖОБА – ҮДЕЛІ ШАРУА



Суреттерші түсірген Бағдат Есжанов

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жаңадан салынатын кітапхана мен мәдениет нысандарының құрылыс алаңында болып, Президент саябағын қайта жаңғырту жұмыстарымен танысты.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен заманауи, көпфункционалды кітапхана құрылысына инвестор есебінен 20 млрд теңге қарастырылған. Жоба кітапхана инфрақұрылымын дамытуға, оқырмандарға қолжетімділікті арттыруға және өңірдің ақпараттық-мәдени әлеуетін күшейтуге бағытталған. Ғимараттың жалпы аумағы 13 000 шаршы метр, кітап қоры 1 миллионнан асады. Жыл сайын 250-300 мың оқырманға қызмет көрсету көзделген.

Кітапханада ашық форматтағы оқу залдары, заманауи каталог жүйесі, 50 адамға арналған цифрлық ресурстармен жұмыс істеу бөлмесі ашылады. Сонымен қатар медиа-лаборатория мен подкаст студиясы жұмыс істейді.

Өңірде бой көтеретін жаңа театр мәдениет саласының дамуына тың серпін береді.

Жаңа ғимарат кең әрі заманауи талаптарға сай жабдықталады. Бұл артистердің дайындығына, күрделі декорациялар мен тын режиссерлік шешімдерді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Заманауи дыбыс және жарық жүйелері қойылымдардың мазмұнын мен көркемдік деңгейін арттыра түседі.

Президент саябағын қайта жаңғырту жұмыстарын Alem Qurylys AQ серіктестігі жүргізуде. Бастапқы жобаға түзетулер енгізіліп, 300 орындық балалар лагері мен қысқы бақ қосылды. Жаңғырту аясында аллеялар, субұрқтар, амфитеатр, спорт және би алаңдары, балалар ойын алаңдары, workout және демалыс аймақтары салынады. Сондай-ақ фудкорт, теннис үстелдері, аттракциондар, велосипед және жүгіру жолақтары қарастырылған. Бұдан бөлек сахна, сарқырама каналдары мен олардың үстінен өтетін көпірлер, шахмат, баскетбол және футбол алаңдары бой көтереді.

Ботаникалық бақ аумағында абаттандыру жұмыстары жүргізілуде. Жалпы 2,41 гектар аумақ көгалдандырылып, Оңтүстік Африка, Оңтүстік және Орталық Америка, Қытай, Жапония, Мадагаскар елдерінде өсетін өсімдіктер отырғызылады.

Балалар лагерінің құрылысына 6,02 гектар жер бөлінген. Мұнда әкімшілік ғимарат, іс-шараларға арналған алаң, 4 тұрғын корпус, қонақүй үлгісіндегі шағын ғимарат, 5 киіз үй, ашық бассейн, стадион, футбол алаңы, сахна және өзге де демалыс және техникалық нысандар салу жоспарланған.

«СБ» ақпарат

РАМАЗАН – САУАПТАР ЕСЕЛЕНІП ЖАЗЫЛАТЫН БЕРЕКЕЛІ АЙ

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын! Барша мадақ пен мақтау Әлемдердің Раббысы Алла Тағалаға болсын! Оның сүйікті құлы әрі елшісі Мұхаммед пайғамбарымызға, оның отбасы мен сахабаларына салауаттар мен сәлемдер болғай! Баршамызды айлардың сұлтаны болған қасиетті Рамазан айына аман-есен жеткізген Алла Тағалаға сансыз шүкірлер болсын!

Адамзат баласына тура жол нұсқаушы ретінде жіберілген Құран Кәрім түсе бастаған, он екі айдың сұлтаны Рамазан – мұсылман үмбеті үшін рухани жаңғыру мен кемелдікке ұмтылу кезеңі. Ол – жай ғана аштық пен шөлдің айы емес, рухани кемелденудің, нәпсіні тәрбиелеудің және Алланың шексіз рақымына бөленудің алтын дінгегі. Осы айдың әрбір сәті, әрбір минуты – мұсылман баласы үшін зор мүмкіндік. Біздің асыл дінімізде бұл ай «сауаптар еселеніп жазылатын ай» деп сипатталады.

Алла Тағала қасиетті Құран Кәрімдегі «Бақара» сүресінің 183-аятында: «Уа, иман келтіргендер! Өздеріңнен бұрынғыларға парыз етілгендей, сендерге де ораза ұстау парыз етілді. Бәлкім, солайша тақуалыққа жетерсіңдер» деп бұйырған. Осы қасиетті аят ораза ғибадатының түпкі мақсаты – «тақуалық» екенін айқын көрсетеді. Тақуалық – Жаратқанның алдындағы жауапкершілікті сезіну, тыйымдарынан алыс болып, бұйрықтарына мүлтіксіз бойұсыну.

3-бет

/// САРАП

Кейінгі кезде сталкинг ұғымы туралы қоғамда түсінік қалыптаса бастады. Біреуден қысым не зәбір көрсеніз, сыртыңыздан біреу аңдып, қорқытып-үркітіп жүрсе құқық қорғау органдарына шағымдана аласыз. Бұрын мұндай нәрселерге көз жұмып, бейжай қарайтын болсақ, қазір заң күшейіп, Мемлекет басшысы қол қойды.

СТАЛКИНГ: ЖАҢА БАП НЕНІ КӨЗДЕЙДІ?

Алдымен, сталкинг ұғымы туралы ақпарат бере кетейік. Бұл – бір адамның екінші адамды келіспестен әрі жүйелі түрде (қайталанып) қудалауы, бақылауы, қоңырау шалу, хабарлама жіберу, аңду әрекеттері. Мұндай әрекеттер зорлық болмаса да, құрбанының психологиялық күйіне айтарлықтай зиян келтіреді, қорқыныш туғызады, қалыпты өмір сүруіне кедергі жасайды. Мұндай жағдай ғаламтор арқылы да жасалуы мүмкін. Айталық, киберсталкинг, мысалы, онлайн бақылау, жалған айыптаулар, жеке мәліметті жариялау түрінде жүзеге асады.

Қылмыстық кодекске жаңа бап 115-1 «Сталкинг» енгізілді. Оның негізгі қағидаларына әдеттегі қорқыту, аңду, жиі хабарласу, жеке өмірге араласу сияқты әрекеттер жатады. Оның жазасы да ауыр. Мәселен, 200 айлық есептік көрсеткішке дейін айыппұл, 200 сағатқа дейін қоғамдық жұмыстар, 50 тәулікке дейін қамау. Кей жағдайда ауыр баптар бойынша да қарастырылуы мүмкін.

Еуропалық гендерлік институттың дерегінде дүние жүзіндегі онының әйел сталкинкке ұшырайтыны айтылған. Көбіне адамдар өзінің құрбы-достарынан, жақындарынан зәбір көріп жатады. Мәселен, көптен бері араласпай кеткен досыңыз сізге шектен тыс көңіл бөлсе, тіпті бейтаныс нөмірлерден хабарласып мазаласа,

бұл – сталкингтің жеңіл түрі. Сарапшылардың айтуынша, жағдай одан ұшығып, адам өміріне қауіп төндіретін кездер де болады.

– Сталкинг – бұл психиатриялық диагноз емес және ол халықаралық аурулар тізімінде өз алдына ауру ретінде көрсетілмеген. Дегенмен, ол көбіне нақты психикалық бұзылыстардың симптомы ретінде көрініс табуы мүмкін. Мұндай әрекеттердің артында бірнеше себеп тұрады: біріншісі, сандырақ сенімдерге (эротомания) беріліп, өз әрекетін дұрыс деп санайды. Екіншісі, тұлғалық бұзылыстар, мұнда адам өзге біреуді бақылау арқылы өзін растауға тырысады және жоқ дегенді түсінбейді. Үшіншісі, әлеуметтік сталкинг, бұл – адамның мінез-құлқындағы обсессивті ойлар мен эмоцияға тәуелділіктің нәтижесі. Құрбаны одан қашқан сайын, бақылауды жоғалтып жатқанын сезіп, агрессияға басады. Ең қауіптісі – сталкерлер өз әрекетінің қауіпті екенін сезінбейді, олар өз қылығын қамқорлық немесе сүйіспеншілік деп ақтап алады. Сондықтан олар өздігінен маманға бармайды, – дейді әлеуметтік психолог Жанна Бастова.

АҚШ пен Ұлыбританияда сталкинг үшін адам қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

4-бет

Валюта бағамы: \$ 496 kzt

€ 588.01 kzt

₸ 6,42 kzt

Ауа райы: Сейсенбі ☀️ +8°

☾️ -1°

Сәрсенбі ☀️ +15°

☾️ +7°

ҚАЙСАР РУХ, ШЫНАЙЫ ШЕБЕРЛІК

Мемлекет басшысы «Томирис» қыздар құрамасының жетістігіне айрықша тоқталды.

— Сұлу қыздарымыз өте жоғары деңгейде өнер көрсетті, шеберлікпен алға шығып, әйелдер арасында топ жарды. Қазақстанның намысын қорғаған бес құраманың бәрі де үздік 20 команданың тізіміне кірді. Бұл нағыз жасампаз отаншылдық деп күмәнсіз айтуға болады. Төрткүл дүние ұл-қыздарымыздың мықтылығына куә болды. Сондықтан тағы да атап өткім келеді, сіздер көрсеткен мықты тактикалық дайындық, айрықша күш-жігер мен тамаша топтық жұмыстың арқасында әлем жұртшылығы қазақтың батыл, қайсар және өр рухты ұлт екеніне көз жеткізді. Баршанызға шынайы ризашылығымды білдіремін. Барлық бапкер мен жаттықтырушыға және әскери басшыларға, басқа да мамандарға зор алғыс айтамын, — деді Президент.

Мемлекет басшысы арнайы жасақ қызметкерлері мен әскерилер әрдайым тәртіп пен мінсіз кәсібиліктің үлгісін көрсетіп, мемлекет мүддесін қорғау үшін батыл әрекетке дайын болуы қажет екенін айтты.

— Қазіргі күрделі әрі тұрақсыз геосаяси ахуал ел қауіпсіздігін қамтамасыз етудің тың тәсілдерін әзірлеуді талап етеді. Сондықтан мемлекет әскери-күштік құрылымдарды кешенді түрде жаңғыртуға, технологиялық тұрғыдан жан-жақты жарактандыруға баса мән береді. Сіздердің жарыстағы табыстарыңыз — еліміздің күштік құрылымдарын жүйелі дамытудың, әскер қатарындағы жоғары моральдық рух пен физикалық дайырлықтың нәтижесі. Сіздер Отанға қалтқысыз қызмет етіп, анта адал болсаңыздар, Қазақстанның қорғаныс қабілеті нығая түсетініне сенімдімін, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы қазір еліміз ауқымды өзгерістердің шешуші кезеңіне қадам басқанына назар аударып, 15 наурызда азаматтарымыз жалпыхалықтық референдумда Конституцияға қатысты өз таңдауын жасайтынын еске салды.

— Бұл — ел тағдырына тікелей әсер ететін аса маңызды шешім болмақ. Басты құжаттың жобасында егемендігімізді және мемлекеттігімізді нығайтатын мызғымас рухани және құқықтық құндылықтар бекітілді. Қазақстан Республикасының аумақтық, яғни жерінің тұтастығы, егемендігі, тәуелсіздігі, адам мен оның өмірі, барлық азаматтардың құқықтары және бостандықтары ең жоғары құндылықтар ретінде жарияланды. Жауапты әрі жасампаз отаншылдық ұғымы айқындалды. Әділетті Қазақстан идеясы, Заң және тәртіп қағидаты жаңа Конституция жобасында лайықты орнын тапты. Мұның бәрін іс жүзінде орнықтыру — баршаға ортақ перзенттік парыз. Түптеп келгенде, жаңа Ата Заңымыз еліміздің одан әрі дамуына және өркен жаюына жол ашуы керек. Ал күштік құрылымдар мен арнайы жасақтар ел тәуелсіздігі және халық тұтастығының тірегі болуға тиіс. Себебі алдымызда тұрған мақсат—біреу. Бұл — келер ұрпаққа қуатты әрі озық мемлекетті аманат ету. Біріміз бір ел болып осы тарихи миссияны міндетті түрде іске асырамыз. Ел қорғау — ең абыройлы міндет. Нағыз отаншыл, адал азаматтар ғана осы жолды таңдайды. Сіздер келешекте де ұлт мүддесіне мінсіз қызмет ете бересіздер деп сенемін, — деді Президент.

Мемлекет басшысының Жарлығымен UAE SWAT Challenge-2026 халықаралық жарысынан жеңіспен оралған бір топ офицер мен әскери қызметкер Бауыржан Момышұлы атындағы II дәрежелі «Айбын» орденімен, «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен және Қазақстан Республикасы Президентінің Алғысымен марапатталды.

1-бет

/// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫМЕН КЕЗДЕСТІ



Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Даму» кәсіпкерлікті қолдау қоры» АҚ басқарма төрағасы Фархат Сарсекеевпен кездесті. Кездесуде мемлекеттік қолдау шаралары арқылы инвестициялық жобаларды жүзеге асыру мәселесі талқыланды.

— Биыл Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, микро және шағын бизнес үшін «Іскер аймақ» бағдарламасы жүзеге асырылуда. Бағдарлама аясында қолдау көрсетілетін экономиканың басым секторларына қоса, әкімдік өз тарапынан өңір үшін негізгі салалардың тізбесін әзірлеп, Ұлттық экономика министрлігіне ұсынды.

Аймағымызда өңірлік бағдарламаның жүзеге асырылуы жолға қойылған. Әсіресе ауылдық жерлердегі микро және шағын бизнесті қолдау бағытында «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы тиімді жұмыс жасауда.

Соңғы он жылдан астам уақытта бұл орталық бизнестің 2 900-ға жуық жобасын 16 млрд 481 млн теңгеге қаржыландырды, 3 мыңнан аса жұмыс орны құрылды. Орталыққа бюджет қаржысымен қатар, «Даму» қоры «Ағрарлық несиелік корпорациясы» арқылы 6 млрд 300 млн теңге қаржы тартылды. Осы оң тәжірибені одан әрі жалғастырып, бағдарламаны «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы арқылы жүзеге асыруды жалғастырамыз, — деді облыс әкімі.

Айта кетейік, аймақта кәсіпкерліктің даму қарқыны жоғары. Қазіргі таңда оның экономикадағы үлесі 20,5 пайыз, кәсіпкерліктің тұрақты дамуына мемлекеттік қолдаудың жүйелі шаралары оң ықпал етті. Былтыр жеке кәсіпкерліктің 2 929 жобасына 61 млрд 100 млн теңге көлемінде қаржылай қолдау көрсетілді. Оның ішінде жалпы несие портфелі 16 млрд 100 млн теңге болатын 210 жобаға субсидия беріліп, 214 жобаға кепілдік ұсынылды. Сонымен қатар, қаржы институттары арқылы өңдеу өнеркәсібін дамытуға бағытталған «Өрлеу» бағдарламасы аясында 51 жоба 10 млрд 428 млн теңгеге қаржыландырылды. Аталған қолдау шаралары өңірдің инвестициялық әлеуетін арттырып, жаңа жобаларды іске асыруға мүмкіндік берді.

Биыл жеке кәсіпкерлікті қаржылай қолдауға бюджеттен 13 млрд 300 млн теңге қарастырылған. Оның ішінде банк несиелерін субсидиялау мен кепілдендіруге жергілікті бюджеттен 2 млрд 300 млн теңге бөлінді.

РУХАНИ hәм ІСКЕРЛІК БАЙЛАНЫС

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Мажарстан елшісі Отто Иван Ронамен кездесті. Кездесуде аймаққа инвестиция тарту мәселесі талқыланды.

— Біздің халықтарымызды тек ресми құжаттар ғана емес, тамыры терең, тарихы ортақ рухани байланыстар біріктіреді. Қазақ пен мажар — түбі бір түркі жұртының ұрпақтары. Тіліміз бен мәдениетіміздегі сабақтастық осы сөзіме айқын дәлел бола алады.

Екі ел арасындағы жоғары деңгейдегі әріптестіктің нәтижесінде Мемлекет басшыларының сапарлары дәстүрге айналды. Соның бір айғағы ретінде Мажарстан Президенті Тамаш Шуйок мырзаның 2025 жылғы қазан айында Қазақстанға жасаған ресми сапарын ерекше атап өтуге болады. Инвестициялық ынтымақтастық бағытында да маңызды қадамдар жасалуда.

Өткен жылдың қараша айында «UBM Group» компаниясы мен еліміздің Сыртқы істер министрлігі және «Kazakh Invest» өкілдері арасында заманды кездесу өтті. Жиың барысында «UBM Group» компаниясы Қазақстандағы премикс және құрама жем зауыттарын салу барысын таныстырды. Компания

жобаның екінші кезеңі аясында тағы 2 құрама жем зауытын салуға ниетті екенін растады. Бүгінде қалған екі зауыттың салынатын орны талқыланып жатқандықтан, жаңа өндіріс алаңы үшін ең тиімді аймақ ретінде Қызылорда облысын қарастыруды ұсынамын.

Біріншіден, ауыл шаруашылығы — аймақ экономикасының басты бағыты. Қазақстандық құрштің 90 пайызынан астамы облысымызда өндіріліп, алыс және жақын шетелдерге экспортталады. Сонымен қатар, аймақта сүт өндірісі, мал және құс шаруашылығы қарқынды дамуда. Бұл өз кезегінде құрама жемге деген сұраныстың артуына тікелей әсер етуде, — деді облыс әкімі.

Басқосуда елші «Байқоңыр» ғарыш кешеніне жасаған сапары ерекше әсер қалдырғанын атап өтіп, алдағы уақытта инвестициялық ынтымақтастық бағытында нақты әрі маңызды қадам жасауға ниет білдірді.

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

15

НАУРЫЗ
МАРТА

РЕФЕРЕНДУМ

«Жобасы бұқаралық ақпарат құралдарында 2026 жылғы 12 ақпанда жарияланған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдайсыз ба?» мәселесі бойынша

Референдум азаматтардың ерікті қатысуы, ойын ашық білдіруі, сондай-ақ жалпыға бірдей, тең, төте және жасырын дауыс беру қағидаттары бойынша өткізіледі

Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы
www.election.gov.kz

«РЕФЕРЕНДУМ ТАҒАЙЫНДАЛҒАН КҮН ТУРАЛЫ»

2026 жылдың 15 наурызында Республикалық референдум өтеді. Референдумға қатысу құқығына 18 жасқа толған Респубика азаматтары ие болады. Референдум ерікті қатысу, еркін ерік білдіру, сондай-ақ азаматтардың жалпыға бірдей, тең, тікелей және жасырын дауыс беру қағидаттарына сай өтеді. Референдумда «Жобасы бұқаралық ақпарат құралдарында 2026 жылғы 12 ақпанда жарияланған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдайсыз ба?» деген сауал қойылды. Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ АУМАҚТЫҚ РЕФЕРЕНДУМ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ, ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ ЖӘНЕ ЖҰМЫС УАҚЫТЫ ТУРАЛЫ

ХАБАРЛАМА

«Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 6-бабы 3-тармағына, «2026 жылғы 15 наурызда республикалық референдум өткізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 11 ақпандағы №1170 Жарлығына, «2026 жылғы 15 наурызға тағайындалған республикалық референдумды әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясының 2026 жылғы 12 ақпандағы №6/10 қаулысына сәйкес Қызылорда облысының аумақтық референдум комиссиясының құрамын, орналасқан жері және жұмыс уақытын хабарлаймыз.

Қызылорда облысының аумақтық референдум комиссиясы
Орналасқан жері: Қызылорда қаласы, «Сол жағалау» ықшам ауданы, Ғ.Мұхамеджанов 5А
Телефон: 8(7242) 40-25-26.
Эл. пошта: tic_kz1_obl@saylau.kz
Комиссия төрағасы — Ересұлтанов Әділбек Бөрібайұлы.
Төрағаның орынбасары — Накипов Болат Нұржігітұлы.
Хатшы — Сырлыбаева Аягөз Мұратбекқызы.
Комиссия мүшелері: Ідірісов Бақытжан Жеткерұлы, Әнуарбек Бердібек Ахметұлы, Турабаев Еркін Ермағанбетұлы, Тағыберген Абай Тағыбергенұлы.
Аумақтық референдум комиссиясының жұмыс уақыты: 09.00-13.00, 13.00-15.00 – түскі үзіліс, 15.00-19.00.

Қызылорда облысының аумақтық референдум комиссиясы

НАУРЫЗБАЙ БАЙҚАДАМОВ – УНИВЕРСИТЕТТІҢ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ-РЕКТОРЫ

Жиында Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма төрағасы-ректоры лауазымына тағайындалған Наурызбай Байқадамов таныстырылды.

— Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Қазақстан – академиялық білім аймағы» стратегиялық серіктестер форумында «Қазір адамзат түбегейлі өзгерістер дәуіріне қадам басқан кезде білім ордалары заман талабына сай озық болуға тиіс. Онсыз ешқандай даму да, өркендеу де болмайтыны анық» деп атап өтті. Осыған байланысты 2 ақпандағы Үкімет отырысында еліміздегі ғылым мен жоғары білім мәселесі қаралды. Үкімет басшысы облыс әкімдеріне өңірлік ғылыми-технологиялық кеңестерге жеке басшылық жасап, жұмысын ұйымдастыруды тапсырды.

Ұлттық ғылым академиясымен бірлесіп, өңірлік мамандану және форсайттық зерттеулердің нәтижелеріне сәйкес, ғылыми-техникалық тапсырмаларды бекіту қажеттігін атап өтті. Аталған міндеттерді үйлестіруге Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті белсенді атсалысуы тиіс деп санаймын. Себебі, осы жұмыстарды ұйымдастыруда университеттің әлеуеті жеткілікті.

Оқу орнының ғалымдары мен түлектері аймағымыздағы ғылыми-инновациялық дамуды басқаруда айрықша рөл атқаруы қажет. Бұл ретте, әкімдік тарапынан жан-жақты қолдау көрсетілетінін мәлімдеймін. Баршанызды осы іске жоғары жауапкершілікпен белсенді атсалысуға шақырамын! — деді облыс әкімі.

Жиында Мұрат Ерғешбаев, Гүлзат Көбенова, мемлекет және қоғам қайраткерлері Бакберген Досманбетов, Мұрат Бактиярұлы, ғылыми кеңес мүшелері Серікбай Қошқаров, Ұлжан Жанбершиева сөз сөйледі.

Наурызбай Байқадамов 1991 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Тарих және француз тілі» мамандығын тәмамдаған. Еңбек жолын ауыл мектебінде мұғалім болып бастап, 1994



жылы өзі білім алған оқу орнына оқытушы ретінде қайта оралды. Университетте түрлі басшылық қызметтерді, атап айтқанда, 2008-2013 жылдары тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор қызметін атқарды. Жоғары оқу орнында 20 жылға жуық еңбек етіп, университеттің көпсалалы аймақтық білім ордасы ретінде қалыптасуы мен дамуына елеулі үлес қосты.

Наурызбай Сейтқалиұлы — тарих ғылымдарының кандидаты, белгілі қоғамтанушы, 150-ге жуық ғылыми және оқу-әдістемелік еңбектің, бірнеше кітаптың авторы.

2013 жылы мемлекеттік қызметке шақырылып, облыстық білім басқармасының басшысы, облыс әкімінің орынбасары, облыстық мәслихат хатшысы және төрағасы қызметтерін абыроймен атқарды. Өңірдің әлеуметтік-экономикалық және рухани-

мәдени дамуына сүбелі үлес қосты.

Сондай-ақ «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының орынбасары, бірінші орынбасары, Аманат партиясы облыстық филиалының төрағасы ретінде қоғамдық-саяси салада да нәтижелі еңбек етті.

2024 жылғы сәуірден 2026 жылғы 11 ақпанға дейін Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты, Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі болды. Заң шығару қызметіне белсенді қатысып, өңірдің өзекті мәселелерін көтеріп, республикалық бюджеттен қажетті қаржы бөлінуіне ықпал етті.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

/// НАЗАРДАҒЫ НЫСАН

«ҚЫЗЫЛЖАРМА» КАНАЛЫ МЕН САҒЫМБАЕВ КӨШЕСІ ЖАҢҒЫРТЫЛАДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Қызылжарма» каналын науамен жабдықтау және жол жөндеу жұмыстарының барысымен танысты.

Алдымен жабдықтау жобасын көрді. Қолданыстағы «Қызылжарма» каналы 1957 жылы салынған. Ұзындығы – 13 800 метр, ені – 11 метр, техникалық жағдайы айтарлықтай тозған. Су ресурстарын тиімді пайдалану және үнемдеу үшін каналды қайта жаңғыртып, заманауи талаптарға сай науамен жабдықтау қажеттілігі туындады.

Осы бағытта жоба әзірленіп, ол іске асқанда «КБИ», «Коммунизм», «Шанхай», Тагарин шағын аудандары мен «Қызылжарма» ауылдық округінде тұратын шамамен 48 мыңға жуық тұрғын сапалы аяқсумен қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар, мал шаруашылығын дамытуға, бау-бақша және жеміс-жидек егуге, қаланың экологиялық ахуалын жақсартуға оң әсерін тигізеді. Суару маусымында каналдан шамамен 9,3 млн текше метр су жіберіледі. Канал реттелген соң су шығыны шамамен 50 пайызға азаяды.

Қазіргі таңда құрылыс жұмыстарын «Бәк-Береке 2030» серіктестігі бастады. Келісімшартқа сәйкес жобаны іске асыру мерзімі – 14 ай.

Жоба бойынша 9 488 метр науа

орнатылып, 34,3 гектар аумақ тазаланып, монолитті темірбетон конструкциялары тұрғызылады. Сонымен қатар, 10 тіреу-бөгеттеу құрылысы, 2 құбырлы өткел, жаяу жүргіншілер көпірлері, диаметрі 200 мм-лік 87 су шығару құрылысы орнатылады. Оған қоса 56 400 шаршы метр кеспетас төселіп, 126 орындық пен қокыс жәшігін қою жоспарланған.

Аймақ басшысы мұнан кейін «Сағымбаев көшесін Торайғыров көшесінен «Қызылорда – Құмқөл» автожолына дейін қайта жаңғырту» жобасын жүзеге асыру барысын көрді. Мұнда 2,1 шақырымдық төрт жолақты жаңа автомобиль жолы салынууда. Мердігер мекеме – «Қыран», техникалық қадағалаушы – «СК Энерго Ойл», авторлық қадағалаушы – «Проинест» серіктестіктері. Жобаның келісімшарт құны 1 673 132,0 мың теңге, ол бойынша жаяу жүргіншілер жолы салынып, заманауи жарық шамдары орнатылады. Бұл жол қозғалысының қауіпсіздігін арттырып, тұрғындарға қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік береді.

«СБ» ақпарат



1-бет



РАМАЗАН – САУАПТАР ЕСЕЛЕНІП ЖАЗЫЛАТЫН БЕРЕКЕЛІ АЙ

Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадистерінде Рамазан айының артықшылықтары өте терең баяндалған. Алла елшісі: «Рамазан айы келгенде жәннат есіктері ашылып, тозақ есіктері жабылады және шайтандар кісенделеді» деп сүйіншілеген. Бұл хадистің терең мәні бар. Шайтандардың кісенделуі – адамның бойындағы жаман қасиеттердің, нәпсінің тізгіңделуіне мүмкіндік береді. Ал жәннат есіктерінің ашылуы – бұл айда жасалған әрбір игі істің сауабының ерекше екенін, Алланың рақым есігі баршаға ашық екенін білдіреді. Расында да, Рамазан – адамның ішкі әлеміндегі ізгілік пен жамандықтың арпалысында иманның жеңіске жететін шағы.

Оразаның сауабы туралы айтқанда, оның басқа құлшылықтардан айырмашылығын ескеруіміз қажет. Барлық жақсы амалдар үшін он еседен жеті жүз есеге дейін сауап жазылса, оразаның жөні бөлек. Құдс хадистің Алла Тағала: «Ораза – тек Мен үшін, оның сыйын (сауабын) Өзім беремін» деген. Бұл – ораза ұстаушының ықыласы мен ниетіне берілген ең жоғары баға. Ораза ұстаушының сауабын ешбір таразы өлшей алмайды, оны тек Алла

Тағала Өзінің шексіз жомарттығымен береді. Сондықтан Рамазан айында жасалған әрбір садақа, оқылған әрбір аят, айтылған әрбір жылы сөз мың еселенген сауап болып қайтады. Рухани тұрғыдан алғанда, Рамазан айы – пенденің жүрегін дүниәуи кірлерден, қасандықтан және күнәлардан арылтатын ұлы тәрбие мектебі. Осы кезеңде адам баласы тек физикалық қажеттіліктерден ғана емес, сонымен бірге жаман ойлардан, ғайбаттан, өтірік пен арам істерден іргесін аулақ салуы тиіс. Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Кімде-кім өтірік айтуды және соған сәйкес амал етуді қоймаса, оның ішіп-жеуден тыйылуының Аллаға қажеті жоқ» деп ескерткен. Демек, оразаның кемелдігі – оның ішкі мазмұны мен әдебинде. Шынайы ораза – тілдің, көздің, құлақтың және жүректің оразасы. Егер біз ас-судан тыйылып, бірақ мінезімізді түземесек, оразамыздың мәні де, сөні де қалмайды. Хадисте айтылғандай: «Кімде-кім Рамазан оразасын иманмен және сауабынан үміт етіп ұстаса, оның өткен күнәлары кешіріледі».

Сабырлық – иманның негізі. Ал Рамазан – сабыр айы. Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Сабыр – иманның жартысы, ал ораза – сабырдың жартысы» деген сөзі оразаның адам ерік-жігерін шындаудағы ролін айқындайды. Аш-

тық пен шөлге төзу, нәпсінің қалауларына «жоқ» деп айту – адамның өз-өзін басқару қабілетін арттырады. Осы сабыр арқылы пенде қиындықтарға қарсы тұруға, өзгелердің мұқтаждығын түсінуге және қанағат етуге дағдыланады. Оразаның сабырмен байланысы соншалықты терең, ол адамды рухани тұрғыдан бекемдеп, өмірлік сынақтарда берік болуға үйретеді.

Рамазан – жомарттық пен қайырымдылықтың салтанат құратын айы. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бұл айда бұрынғыдан да жомарт болып, мұқтаждарға қол ұшын созуға асығатын. Тіпті, оның жомарттығын сахабалар «соққан желден де жылдам еді» деп сипаттаған. Мұсылман қауымы үшін осы айда берілетін садақаның, жасалатын жақсылықтың орны бөлек. Әсіресе, ораза ұстаған жанға ауызашар берудің сауабы орасан зор. Хадисте: «Кімде-кім ораза ұстаушының аузын аштырса, оған да ораза ұстаушының сауабындай сауап жазылады. Бұл ораза ұстаушының сауабын еш кемітпейді» деп баяндалған. Бұл қоғамдағы бауырмалдықты, ауызбіршілікті және мейірімділікті арттыратын маңызды фактор. Ал садақа беру – тек мал-мүлктің азаюы емес, керісінше оның берекесінің артуы.

Берекелі айдың тағы бір ұлы нығметі – Қалір түні. Құран Кәрімде «мың айдан да қайырлы»



деп сипатталған түнде жасалған құлшылықтың сауабы адамның бүкіл ғұмырына татиды. Рамазанның соңғы он күніндегі жасырылған аталған түнді іздеу, оны құлшылықпен, дұғамен өткізу – әрбір мұсылманның басты мақсаты.

Рамазан айындағы құлшылықтардың жүйелілігі мен тереңдігі мұсылманның өмір салтын реттейді. Тан сәріден сәресі ішу, күні бойы ораза ұстап, кеш батқанда ауыз ашу, содан кейін тарауық намаздарына қатысу – мұның барлығы адамды тәртіпке, уақытты тиімді пайдалануға және жамағатпен бірлікте болуға тәрбиелейді. Оразаның физиологиялық пайдасымен қатар, оның психологиялық және

Биыл қасиетті Рамазан айы 19 ақпанда басталады. Қадір түні – наурыз айының 16-нан 17-не қараған түн. Ораза айт мерекесі – 20 наурыз. Пітір садақасы – жан басына 735 теңге.

әлеуметтік маңызы ғылыми тұрғыдан да дәлелденген. Алайда, мүмін үшін басты мақсат – Жаратушының әмірін орындау арқылы Оның разылығына бөлену. Сонда ғана рухани және физикалық саулық қатар келеді.

Қазіргі таңда Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы тарапынан Рамазан айының рухани мәнін халыққа жеткізу бағытында ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Мешіттердегі уағыз-насихат жұмыстары мен ғылыми-танымдық материалдар мұсылман үмбетінің діни сауаттылығын арттырып, оразаның шарттары мен әдептерін терең түсінуге септігін тигізеді. Діни басқарманың ресми ақпараттық ресурстары арқылы ұсынылып жатқан пәтуалар мен нұсқаулықтар шариғи негіздерге сүйене отырып, заманауи мәселелердің шешімін табуға мүмкіндік береді. Бұл – қоғамдағы діни тұрақтылық пен рухани құндылықтардың сақталуының кепілі.

Қорыта айтқанда, Рамазан – пенде мен Жаратушы арасындағы байланыстың ең жоғары деңгейге көтерілетін кезеңі. Осы айда жасалған әрбір дұға, оқылған әрбір аят пен берілген әрбір садақа ақыретте біз үшін нұр және шапағатшы болады. Ораза – қиямет күні иесіне: «Раббым, мен оны күндіз ішіп-жеуден тыйдым, менің ол үшін жасаған шапағатымды қабыл ет» деп араша түсетін ұлы құлшылық.

Алла Тағала ұстаған оразаларымызды, жасаған құлшылықтарымызды, берген садақаларымызды қабыл еткей! Қасиетті айдың берекесін баршамызға бұйартып, жүректерімізге иман, отбасыларымызға бақ-береке, елімізге тыныштық берсін! Тілеген дұға-тілектеріміз қабыл болып, Рамазаннан Рамазанға аман-есен жете беруді нәсіп етсін. Әмин!

Дастан ҚҰРМАНБАЕВ,
Қызылорда облысының Бас имамы

1-бет.

Денсаулық сақтау министрлігі жалпыұлттық әлеуметтік бастамаларды қолдау шеңберінде ақпан айын өтеусіз қан тапсыру айы деп жариялады. Бұл бастама ерікті әрі өтеусіз донорлық мәдениетті дамытуға, қоғамда жауапкершілік, өзара көмек және гуманизм құндылықтарын нығайтуға бағытталған. – Қан донорлығы – бір реттік акция емес, адам өмірін сақтаумен және денсаулық сақтау жүйесін қолдаумен тікелей байланысты, сондай-ақ, өзін-өзі тәртіпке келтіру, саналы көзқарас пен ерікті қатысу сияқты құндылықтарды дәріптейтін тұрақты қоғамдық қозғалыс.

ДОНОР БОЛУ – ИГІ ІС



Сурет ашық берілген

«Бұл жыл бүкіл әлемде Халықаралық еріктілер жылы аясында өтуде. Өздеріңізге белгілі, бұл бастаманы мен Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 75-сессиясында көтерген болатынымын. Біздің ұсынысымыз жаһандық қолдауға ие болды. Қазақстан озық мемлекет ретінде бүкіл алаңзатқа ортақ құндылықтарды ілгерілетіп, оларды болашақ ұрпаққа жеткізуде» деп Мемлекет басшысы жауырда Еріктілер форумындағы сөзінде атап өтті.

Ақпан айы бойы еліміздің барлық өңірінде ақпараттық-түсіндіру іс-шаралары, тақырыптық акциялар, донорлармен және әріптестермен кездесулер, сондай-ақ қан орталықтарында жастарды тартуға басымдық берілген арнайы бағдарламалар өткізу жоспарланған.

Акция шеңберінде кез келген азамат игі ниет танытып, қан тапсыра алады, – делі Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Өлнәзарова өзінің әлеуметтік желідегі жазбасында.

Елімізде жыл сайын 180 мыңнан астам азамат донор атанып, олар жиынтығында қан мен оның компоненттерінің 250 мыңнан астам донациясын жүзеге асырады. Жыл сайын 80 мыңнан астам пациентке қан компоненті күйілады, ал трансфузиялардың жалпы саны шамамен 400 мыңға жетеді.

Бір адамның жасаған қайырымды ісі екіншібіреудің өмірін сақтап қалуы мүмкін. Осы орайда, қоғамда өзара көмек, жанашырлық және азаматтық белсенділік құндылықтарын нығайту аса маңызды. Өтеусіз донор болу – бұл тек медициналық көмек емес, үлкен жүректің, жоғары жауапкершіліктің белгісі.

Аталған акция біздің аймағымызда да барлықша белсенділікпен жүргізілуде.

– Біз, медицина қызметкерлері, бұл игі бастаманы толықтай қолдаймыз және халықты қан доноры болуға, адам өміріне бейжай қарамауға шақырамыз. Бір тамшы қан – бір өмір деген ұстанымды басшылыққа ала отырып, қан донорлығы көптеген науқастың өмірін сақтап қалуға шешуші рөл атқаратын аса маңызды қоғамдық іс екенін айтқымыз келеді. Ота кезінде, ауыр дерттермен күресте және шұғыл медициналық көмек көрсету барысында донор қанына деген сұраныс әрдайым жоғары. Сондықтан тұрақты және саналы донорлық қозғалысты қалыптастыру

– қоғам алдындағы ортақ міндет, – дейді облыстық қан орталығының директоры Жалғасбек Үсенов.

Облыстық қан орталығы қаладағы және 7 аудандағы 17 медицина ұйымын қан өнімдерімен қамтамасыз етеді. Жылына орта есеппен 13000-нан астам облыс тұрғыны қан тапсыруға ниеттенеді. Солардың ішінен 10000-нан астамы қан тапсырады, қалғандары денсаулығына байланысты және әртүрлі себептермен шеттетіледі. Былтыр донорлардан 8948,2 литр қан дайындалған. Қаннан дайындалған құрамдас бөліктер емілеу мекемелерінің сұранысы бойынша жіберіліп отырады. Атап айтқанда, былтыр 7800 доза құрамында эритроциттері бар орта, 4792 доза жаңа мұздатылған плазманың барлық түрі, 3306 доза тромбоцит, 187 доза криопреципитат, 82 доза лейкоциттік масса берілген.

Бір рет қан тапсырған донор орта есеппен үш адамның өмірін арпашайлады екен. Жалпы өңірдегі донорлардың жасы әртүрлі. Былтыр 57 пайызы ер адам, 43 пайызы әйелдер болған. Мамандардың айтуынша, қан тапсырудың еш зияны жоқ. Керісінше, денсаулыққа пайдалы. Біріншіден, донор тұрақты түрде медициналық бақылауда болады, екіншіден қан жасушалары жаңарып, имунитеті көтеріледі.

Айта кетейік, 2024 жылға дейін қан орталығы көпбейінді облыстық аурухананың қан құю бөлімшесіне арналған бөлмелерде, небәрі шағын аумақта орналасып келді. Бүгінде Сырдария өзенінің сол жағалауында бой көтерген жалпы алаңы 2,4 гектар, құны 2,7 млрд теңгені құрайтын жаңа ғимаратқа көшті. Орталық 913 млн теңгеге заманауи медициналық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілді.

Жаңа ғимаратта трансфузиялық терапияның және халықаралық тәжірибеге сай облыстық қан қызметін құруға, науқасқа құйылатын қан және оның компоненттерінің сапасы мен қауіпсіздігін арттыруға мүмкіндік туы.

– Өтеусіз ерікті донорлар санын көбейту үшін қала бойынша волонтерлер және блогерлермен, қоғамдық ұйымдармен тығыз байланыс орна-тып, үгіт-насихат жұмыстарына жұмылдыру үздіксіз жүргізілуде. Белсенді мекемелеріміз бар, олар – облыс әкімінің аппараты, денсаулық сақтау басқармасы, полиция департаменті,

төтенше жағдайлар департаменті, дін басқармасы, облыстық көпбейінді аурухана, перинаталдық орталық, психоневрологиялық аурухана, 6 қалалық емхана, жылу-электр орталығы.

Қан тапсырудың бірталай артықшылығы бар. Біріншіден, бірнеше адамның өміріне араша түсетін игі іс жасағанды білгендіктен туындайтын қуаныш пен бақыт сезімі. Екіншіден, донорлар міндетті түрде тексеріп-қараудан өтеді, яғни өз қан тобын білу. В және С гепатиттері, мерез, АИТВ инфекциясының маркерлеріне зерттеу үшін тегін тексеріледі. Үшіншіден, қан тапсырған кезде азға қан жасаушы органдардың қызметін ынталандырады, сол арқылы қан құрамы жаңарады, адамның жалпы жай-күйін жақсартыды, еңбекке қабілетін арттырады. Төртіншіден, тұрақты донорлық семіздіктің алдын алады, жаңа алынған қанның бір донациясы барысында адам 650 ккал, плазма донациясы кезінде 470 ккал қолғалтады. Әйелдер үшін бұл жас, әдемі және сымбатты болудың тағы да бір таптырмас жолы. Сонымен қатар, ерлер артериялық қан қысымының көтерілуіне жиі душар болады, донорлық қан қысымын, сондай-ақ жүрек пен тамыр ауруларының қатер-қауіпін төмендетеді. Алтыншысы, қанның жанаруы өз кезегінде асқан-ішек жолдары, оның ішінде бауыр ауруларының баға жетпес профилактикасы. Нәтижесінде донорлардың бет-әлпеті жақсарыды, ал терісі жарқыраған және таза болады. Жетіншісі, тұрақты донор қан кеткенде төзімді болады, өйткені олардың қан тапсырмаған адамға қарағанда, қан кету реакциясы жаттықтырылған. Сегізінші, қан донорлығы онкологиялық ауруларға шалдығудың қауіп-қатерін төмендетеді. Тоғызыншы, қан тапсыру адам өмірін 5-7 жылға ұзартады, – дейді Жалғасбек Тұрлыбекулы.

Айлық басталған он күнде 497 донация жүзеге асырылған, оның ішінен құрамында эритроциттері бар орта 442, тромбоциттер – 55. Ал медицина ұйымдарына сұранысқа сәйкес 356 доза құрамында эритроциттері бар орта, 173 доза жаңа мұздатылған плазманың барлық түрі, 88 доза тромбоцит берілген. Акцияға барлық басқарма басшылары, емдеу мекемелерінің қызметкерлері атсалысып, қан тапсыруда.

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

ҒАЛЫМНЫҢ ДАҢҒЫЛ ЖОЛЫ

Аспирантураға түсіп, Алматы қаласындағы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің химия факультетіне бардым. Ғылыми жетекшім, химия ғылымдарының докторы, профессор Сүербаев Хаким Абдрахмұлы «сенің диссертациялық жұмысыңның тақырыбы менің және Ә.Бектұров атындағы химия ғылымдары институтындағы табиғи қосылыстар химиясы зертханасының зерттеу жұмыстарының түйіскен тұсында болады» деді. Өзі сол институтқа ертіп апарып, әріптесі, аталған зертхананың меңгерушісі, химия ғылымдарының докторы, профессор Джиембаев Болат Жазкенұлымен (екінші ғылыми жетекшім) таныстырып, болашақ тақырыбымды талқылады. «Осы баланы ғылым кандидаты қылып шығаруымыз керек, әзірге осы институт база-сымен танысып жұмысын бастай берсін» деп қалдырып кетті. Болат ағай менің қызылордалық екенімді біліп, өзінің әріптес досы химия ғылымдарының докторы, профессор Ержанов Қазбек Бекмағамбетұлымен таныстырды.



Сурет ашық берілген



Қазбек ағай бізбен көрші физиологиялық белсенді қосылыстар химиясы зертханасын басқаратын. Қарапайымдылығы, жастарға деген ізеті, терең білімі, ғылымдағы жетістіктері, жоғары мәдениеті, жүріп-тұрысы, сөйлеген сөзі, әзілі, барлығы бізді тәңті ететін әрі сол кісеге ұқсап-бағуға тырысатынбыз. Бетімізге бір қарап-ақ нені қажет ететінімізді, неден қиналып жүргенімізді бірден білетін. Бірде досым Нұрлыбек Ахатаев ақшадан қиналыққа бар жүрген, біздің де бөлісетін ақшамыз жоқ, өзіміздің де қалтамыз жұтан. Соны Қазбек ағай сұрамастан-ақ байқап, кабинетіне шақырып алып, ақша беріп, «кейін бір ыңғайы келгенде қайтарарсың» дегені бар. Кішіге ізетіне келер болсақ, біздің және ол кісінің зертханасы институттың 4-қабатында орналасқан болатын. Бірде өзіміздің зертхана орналасқан қабаттың басқа басынан баспалдақпен көтерілсем ағай аргы басында тұр екен. Сәлем берейін деп ол кісіге қарай бет алғаныма, қарсы келе жатыр. Мен ағай келмесін деп тезірек жүріп барып амандастым. Қолымды алып, жағдайды білісіп біршама әңгімелесетіні бар еді, сол әлетінше жағдай сұралды да қайта кетіп бара жатыр. Сөйтсем ол кісі баласындай алам болсақ та, жағдайымызды сұрауға келе жатыр, маған ғана емес, барлық жастарға осылай жасайды екен.

Тағы бірде баспалдақпен асығып жүгіріп түсіп келе жатсам алдымнан Қазбек ағай мен академик Сембаев Даурен Хамитұлы көтеріліп келе жатты. Амандасып жол берейін, кері көтерілейін деп жатсам екі ағамыз «жастарға жол берейік» деп орталарын ашып ітпінат білдірді. Мұны ескертусіз тәрбие бергені деп қабылдадым. Аспирантурада кандидаттық минимум деген бар, органикалық химия бойынша емтиханды Қазбек ағай қабылдады. Билеттегі екі сұрақты жақсы білемін, 3-сұрақ енамин-иминді таутомерия жайлы болды. Осы сұрақ бойынша дайындығым аз болатын, олай айналып өтсем де, бұлай айналып өтсем де ағай ұстап ала береді. Соңында «білмейсің бе?» деді. «Иә» десем, «солай айта берейің, өзіміз ғой» деп әзілдегені бар. Бұл ағайдың кішіпейілдігін өзім көргенім, ал ғылымдағы жетістіктерін төбе деуге келмейді, асқар таумен теңестіруге болады. Қазбек Бекмағамбетұлының еліміздің химия саласы, оның ішінде органикалық химия саласы үшін жасаған еңбегі ұшан-теңіз. Ғылыми зерттеулері жайлы қысқа жазар болсам, ацетилен химиясы, қаныққан гетероциклдер, биологиялық белсенді қосылыстар алуға бағытталған. Ацетиленді қосылыстар, азот, оттег, күкірт, фосфорорганикалық моно және бицикльді кетондар, иминдер, фосфор, кремний, германий және калайы органикалық қосылыстар салаларындағы іргелі зерттеулерімен ғылымды байытты. Зерттеу нәтижелері мыңнан аса ғылыми еңбек түрінде жарық көрді.

Оның жетекшілігімен 42 кандидаттық, 1 PhD және 7 докторлық диссертация қорғалды. Шәкірттері еліміздің ЖОО мен ғылыми ұйымдарында жемісті еңбек етуде, салған ізін жағастырып шәкірт тәрбиелеуде. Ағайдың еңбегі ескерусіз қалған жоқ, «Ерен еңбегі үшін» медалімен, Құрмет грамоталарымен, Ресейдің «Ғылыми әріптестік» қорының Алтын медалі және дипломымен марапатталды. Айта берсек, ұстаздың салған сара жолы қазір үлкен даңғылға айналды.

2019 жылы науқастанған Қазақстанның химия ғылымының қарашанырағы аталып кеткен Ә.Бектұров атындағы Химия ғылымдары институтындағы жұмысын тоқтатып, туған жері Қызылорда қаласына оралды. Демі 2025 жылдың 15 наурызында 83 жасқа қараған шағында тоқтады. Туған жердің топырағы бұйырып, Қызылорда қаласының іргесіне жерленді. Осында ізбасарлары ретінде Марат Сыздықбаев, Нұрлыбек Ахатаев, Нұрғали Ақылбеков бәріміз жаназасына қатысып, қабіріне топырақ салдық.

Дүниеден асыл адам, үлкен ғалым, ұлағатты ұстаз, қазақ химия ғылымының корифейі өтті. Жатқан жері жайлы, топырағы торқа, мекені пейіш болсын.

Нұрбол АППАЗОВ,
Қорық ата атындағы
Қызылорда университетінің
профессоры

Хабарландыру

Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасында талап қоюшылар Ақшонтаев Мұхит Халеловичтің, Жәдилев Кенжехан Абдрахманұлының, Баймыратов Ерболат Аманұлының және Азмаханов Болатбек Алмешовичтің апелляциялық шағымдарының қаралуы 2026 жылы 24 ақпан күні 17-30-ға тағайындалғанын хабарлайды.

«Аққұм Жер» ЖШС әкімшілігі

«Сыр медиа» ЖШС ұжымы, Қазақстан Журналистер одағының облыстық филиалы белгілі журналист, «Dyzylorda» телеарнасының шеф-редакторы Мөлдір Құлмырзаеваға әкесі

Серік Құлмырзаевтың қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясының ұжымы сала ардагері Құлымбетова Сауле Ибрагимқызына анасы

Базарқұл Шарапатованың қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл қосын білдіреді.

/// ПРЕМЬЕРА

«ШОЛПАННЫҢ КҮНӘСІ» — АДАМИ СЕЗІМНІҢ АРПАЛЫСЫ

Қалалық «Жастар театрының» репертуары жаңа туындымен толықты. Дәлірек айтсақ, акын, қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, Алаш ардақтысы Мағжан Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі» әңгімесі бойынша трагедиялық қойылымды сахналады. Қойылымдағы оқиға барысында кешегі қоғам мен бүгінгі заман арасындағы айырмашылық талқыға түсіп, таразылана келіп, Шолпанның күнәсін танып-білуді оқырманның еркіне қалдырады.

Қойылым алдында БАҚ өкілдерінің қатысуымен баспасөз конференциясы өтті. Онда театрдың көркемдік жетекшісі, ҚР Мәдениет қайраткері Оңталап Нұрмаханов, театр директоры Нұрмат Мансұр қойылым мазмұны туралы қысқаша мәлімет берді.

Премьераның қоюшы-режиссері Берік Ахмед өткен ғасырда жазылған шығарма желісіне қазіргі уақыт көзімен зер салып, көрермен көңіліне әрқилы әсер ете отырып, оқиғаның өзектілігін арттыра түскісі келгендей.

Шындығында, әңгіменің басты кейіпкері Шолпан есімді келіншектің басынан кешкен тағдыры көрерменді бейжай қалдырмайды. Алғашқыда сүйген жігіті Сәрсенбайға қосылған Шолпанның еш арманы жоқ еді. Екі жас бір-біріне ерекше ынтызар болатын. Иә, сол заманда елдің қыздары азын-аулақ малға айырбасталып, еркінен тыс ұзатылып жатқанда, өз қалауымен теңіне қосылған Шолпан шынында бақытты еді. Осы бақытты ешкімен бөліскісі келмеген келіншек алғашқыда бала сүюді де көңілі қаламай, Жаратушыға күпірлік қылады. Бірақ ол осы олқылықтың арты ауыр өкінішке ұласып, тағдырының тасталқан болатынын білген жоқ...

Жастықтың жалынды күндері де жылыстап өте шықты. Уақыт өткен сайын олардың арасындағы махаббат оты бірте-бірте салқын тарта бастаған еді. Әсіресе, жұбайы Сәрсенбайдың жұрттың

кішкентай балаларын көргенде ерекше елжіреп кететінін байқаған Шолпанның көңіліне терең мұң ұялады.

Қазақта «балалы үй – базар, баласыз үй – қу мазар» дейтін сөз бар. Расында, орталарында бір дәнекер болмаған соң отбасының шыркы бұзылады екен. Енді Шолпан күні-түні Құдайға жалбарынып, бала сұрады. Осылайша көпшілік арасында «пірәдар келін» атанды. Бірақ байғұс келіншектің тілегі орындалар түрі жоқ. Күйеуінен де күдіктенеді. Жұрттың желдей ескен сыпсың сөзі де келіншектің жүйкесін жұқартып бітті. Осындай шым-шытырық ойдан әбден шатасып, өмірінің шығалаңға түскенін білмей қалды.

«Қайтсем бала табамын» деп шарқ ұрған Шолпан күндердің күні кайныларының бірі Әзімбаймен байланысып, ақыры ойындағысы орындалды. Бойына бала бітті. Алайда бұл жаңалыққа келіншектің өзі жүрегі жарыла қуаңғанымен, күйеуінің жан жарасын қозғап кеткен еді. Оның үстіне, ауыл ішінде өсек өрті қаулады. Одан әрі Сәрсенбайдың шыдамы жетпеді, бір кездегі сүйген Шолпанын аяусыз таяқтың астына алды. Жұрт жапа-тармағай ажыратып әлек. Әбден ашуға булыққан ол келіншегіне талақ айтып бір-ақ тоқтады.

Ескіден келе жатқан салт бойынша күнә жасаған әйелдің төбесінен қырық шелек суық су құйып, адалдап алатын. Осы салт бойынша ауыл әйелдері Шол-



панды да күнәсінен арылтпақ болып, төбесінен мұздай суды шелектеп құйды. Өзі аяғы ауыр келіншек әл-дәрменінен айырылып, ақыр соңында тілге келместен көз жұмды.

Көріп отырғанымыздай, оқиға өте шиеленісті. Кімді ақтап, кімді даттарынды білмейсін... Алайда ана болсам деп армандаған Шолпанның, оның құрсағына бітіп, жарық дүниеге келмей көз жұмған тіршілік иесінің тағдыры аяныш тудырады. Отағасы Сәрсенбайдың да жағдайы оңай емес...

Жалпы трагедияның түйіні: адам баласы үшін адалдық, ар-ождан мәселесін биік көтеріп, «Өлімнен ұят күшті» деген қағиданы алға тартады.

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

/// ҚЫСҚЫ ОЛИМПИАДА-2026

32 ЖЫЛДАН КЕЙІНГІ АЛТЫН

Италияның Милан және Кортина-д'Ампеццо қалаларында өтіп жатқан XXV қысқы Олимпиада ойындарының ерлер арасында мәнерлеп сырғанаудан жекелей сында отандасымыз Михаил Шайдоров жеңіс тұғырынан көрінді. Ол қысқа бағдарламадағы 92.94 ұпай және еркін бағдарламадағы 198.64 ұпайды қосқанда 291.58 ұпаймен бірінші орын алды. Осылайша қысқы Олимпиада ойындарының чемпионы атанды.



Айта кетерлігі, бұл Қазақстан құрамасының 2026 жылғы қысқы Олимпиада ойындарына алғашқы және қысқы Олимпиада тарихындағы екінші алтын медалі. Елімізден бұдан бұрын 1994 жылы шаңғы спортынан Владимир Смирнов мәре сызығын бірінші болып кынып, барша жұртты үлкен қуанышқа бөлеген еді. Сондай-ақ ел құрамасы коржынына дүбірлі дода барысында араға 8 жыл салып жүлде түсті. Мәнерлеп сырғанау спортынан 2014 жылы Денис Тен Сочиде қола жүлдегер болды.

Отандасымыз «Confessa» және «The Diva Dance» әнін тандады. Сонымен қатар, Михаил алғашқы техникалық элементке үштік аксель, бір әйел және төрттік сальхау жасап, сәтті орындап шықты.

Михаил Шайдоров 2004 жылы 25 маусымда Алматы қаласында дүниеге келген. Отандасымыз 2022 жылы жасөспірімдер арасындағы Әлем чемпионатында күміс алды.

Ол үшін өткен жыл табысты болды. АҚШ-тың Бостон қаласында ересектер арасындағы Әлем чемпионатында күміс алса, төрт құрлық чемпионатында жеңіс тұғырынан көрінді. Ал Харбиндегі Азия ойындарында отандасымыз үздік үштікті түйіндеді.

Мәнерлеп сырғанаудан 2026 жылғы қысқы Олимпиада

чемпионы Михаил Шайдоров өзіне қолдау білдірген барша отандастарына алғыс білдірді. Бұл жөнінде спортшы өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында бейнежазба жариялады.

– Маған қолдау білдірген барша отандастарыма ризашылығымды жеткізім келеді. Сондай-ақ біздің дайындығымызға ерекше қолдау көрсеткен Мемлекет басшысына алғыс айтамын. Еліміздің мәнерлеп сырғанау федерациясының президенті Бауыржан Ералы кейінгі жылдары үлкен еңбек сіңірді. Менің жарысқа қатысуым барысында трибуна және көгілдір экран арқылы қолдау көрсеткен барша қазақстандықтар мен жанкүйерлерге ризашылығымды жеткізім келеді, – деді Михаил Шайдоров.

Әлемге белгілі әнші Ди-маш Құдайбергелі қалың елдің қошеметіне бөленген Михаилға өз атынан автокөлік сыйласа, қазақстандық кәсіпкерлер оған үш бөлмелі пәтер мен әкесіне автокөлік сыйлайтынын жария етті.

/// ФУТЗАЛ

«ALTIMUS» ЧЕМПИОН АТАНДЫ

Қызылорда қаласындағы «Еуразия» спорт кешенінде ауған соғысының ардагері Батыржан Шалғымбаевты еске алуға арналған футболдан турнир мәресіне жетті. Биыл отызыншы мәрте жалауын көтерген жарысқа көптеген команда қатысты.

Жарыс барысында командалар алдымен топтық кезеңде сынға түсті. Әрбір топтан үздік шыққаны жарысты жалғастыруға мүмкіндік алды. Бұл турнирде «Altimus» командасы бірінші орынды еншіледі. Екінші орынға «Кенттау» командасы ие болса, «Адам-Арафат» үздік үштікті түйіндеді.

Әділжан ҰМБЕТ,
«Сыр бойы»

Жарнама. Жарнама. Жарнама

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарға жарнама орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. **Сыр бойы**

орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны

арқылы

байланысуға болады. **Сыр бойы**

E-mail: sm-jarnama@yandex.kz

СТАЛКИНГ: ЖАҢА БАП НЕНІ КӨЗДЕЙДІ?

Шетелде stalking заңмен реттеле ме?

Әлем елдері stalkingпен күрестің түрлі жолын тандаған. Алғаш рет 1990 жылы Калифорнияда stalking туралы заң қабылданған. Бұл заң актриса Ребекка Шаффердің қайғылы өлімінен кейін енгізілген. АҚШ-та ол үшін жаза 1 жылдан 5 жылға дейін бас бостандығынан айыру, ал ауыр жағдайларда 10 жылға дейін. Оған қоса киберstalking те бөлек қылмыс ретінде қарастырылады.

Көп елде stalking қылмыс ретінде қаралады немесе арнайы қорғау шаралары бар екен. Мәселен, Англияда сізді жүйелі түрде мазалап, қорқыныш тудыратын әрекеттер заңмен «harassment және stalking» деп танылуы мүмкін. Егер әрекеттер сізге зорлық немесе айтарлықтай алаңдаушылық тудырса, 5 жылға дейін түрме жазасы қарастырылған. Сонымен қатар 2019 жылы құрбандарды қорғауға бағытталған арнайы шаралар енгізілген. Ал Германияда stalkingке дейінгі әрекеттер, яғни адамды қорқыту немесе өміріне араласу – қылмыс. Француз кодексінде моральдық қысым (moral harassment) деп аталатын заң бар. Бұл заң бойынша қудалау әрекеті адамның денсаулығына және психикалық жағдайына зиян келтірсе, айыппұл салынып, тіпті бір жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы бар.

бостандығынан айыру жазасы бар. Үндістан 2013 жылғы түзетулерге сәйкес stalking қылмыс ретінде мына жағдайды енгізген. Бірінші рет жасалса, 3 жылға дейін бас бостандығынан айыру және айыппұл, қайталанған жағдайда 5 жылға дейін бостандығын шектеледі.

Жыл басынан 6 дерек тіркелді

Бүгінге дейін stalkingті көбіне отбасылық кикілжің, тұрмыстық түсініспеушілік деп немесе оған бейжай қарайтын едік. Алдыңғы жаңамада мұндай әрекеттерге байланысты нақты ұғым да, арнайы бап та болмады. Соның салдарынан құқықтық жауапкершілік те қаралмайтын. Арыз-шағымдар негізінен Қылмыстық кодекстің «Жеке өмірге қол сұғу» (147-бап) немесе «Қорқыту» (115-бап) баптары бойынша бар-тұғын. Алайда бұл баптар stalkingтің барлық формаларын толық қамти алмады. Оның үстіне қорқытып-үркітуді қылмыстық жазаға тартпайтын.

Жыл басында Шымкенттегі 21 жастағы студент Нұрай Серікбайдың өлімі еліміздегі stalking мәселесінің қаншалықты қауіпті екенін және жүйенің дәрменсіздігін тағы да ашып көрсетті. Марқұм тірі кезінде құқық қорғау органдарына бірнеше мәрте көмек сұрап жүгінгеніне қарамастан, қорғаусыз қа-

лып, ақыры өзін аңдыған stalkердің қолынан қаза тапты. Қоғамда бұл жағдай резонанс тудырды. Содан кейін stalking туралы заңның бар екені, оның пәрмені күшейтілгені туралы құқық қорғау органдары жан-жақты түсіндірме жұмыстарын жасай бастады.

“ Stalking – бұл психиатриялық диагноз емес және ол халықаралық аурулар тізімінде өз алдына ауру ретінде көрсетілмеген. Дегенмен, ол көбіне нақты психикалық бұзылыстардың симптомы ретінде көрініс табуы мүмкін.

Полиция басқармасы отбасылық тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес бөлімшесінің қызметкерлері «Stalkingті тоқтат» республикалық науқаны аясында түсіндірме жұмыстарын жүргізуде. Іс-шара некеге мәжбүрлеу, stalking және әйелдерге қатысты өзге де зорлық-зомбылыққа төзбеу қағидатын қалыптастыруға, сондай-ақ азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталуда. Науқан наурыз айының 10-на дейін жалғасады. Негізгі мақсаты – әрбір әйел мен қыз бала үшін қауіпсіз орта қалыптастыру, зорлық-зомбылыққа жол жоқ екенін және мұндай құқықбұзушылықтар міндетті түрде заң аясында жауапкершілікке әкелетінін ұғындыру.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі
СЫР БОЙЫ МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
МАРАТ АРАЛБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
ҚУАТ ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

<https://twitter.com/syrboyi>

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

www.instagram.com/syrboyi_kz

Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (сенбілік екі нөмір) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Кезекші редактор Назерке САНИЯЗОВА

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”.

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

Таралымы 21093

Тапсырыс №